

ӨҢІРДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



Дәл осы сұрақтың жауабын білу үшін Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин арнайы іс-сапармен Қызылорда облысына келді. Бағдарлау жұмысын министр алдымен қаладағы №3 емханадан бастап, цифрландыруға көшкен медицина жүйесінің жұмысымен танысты.

Медицина мекемесін аралау барысында министр маммография кабинетіне өтіп, маммографиялық аппараттың PACS жүйесіне қалай қосылғанымен таныс болды. Аталған жүйе пациент ауруының тарихын бірнеше дәрігердің бір жүйеден көруіне және уақытты барынша үнемдеуге көмек береді. Айта кетерлігі, PACS жүйесі бүгінде Қызылорда облысының 13 медициналық ұйымына енгізілген.

Министр өз сөзінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдармен тығыз жұмыс істеп, цифрландыру бағытында жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар Цифрлық даму министрі Қызылорда қаласының халыққа қызмет көрсететін цифрлық кенесін жұмысымен танысты. Кенседе 2022 жылдың 6 айында азаматтарға 22129 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысқан министр мекеме бүгінде республикадағы үздік қызмет көрсету орталықтарының бірі екенін тілге тиек етті.

Бағдат Мусиннің Сыр өңіріне сапары «Достық» үйінде жалғасып, онда ол министрліктің бүгінде атқарған жұмыстары мен алға қойған жоспарлары туралы баяндап, қала тұрғындарының қойған сауалдарына жауап берді.

– Бүгін мен өздеріңізді толандырып жүрген өзекті мәселелерді талқылауға келдім. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, биылдан бастап халықпен кездесу жаңа форматта өткізіліп келеді. Ондағы басты мақсат – тұрғындармен тікелей кездесіп, өзекті мәселелерді тыңдап, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес азаматтардың проблемаларын шешуге ықпалдасу, – деді министр кездесудегі сөзінде.

Сондай-ақ министр елімізде цифрлық шешімдерді қалай енгізетінін қысқаша түсіндірді. Ол бірінші кезекте барлық жұмыс адамдардың, яғни қоғамның өмірін жақсарту үшін жүргізілетінін айтты. Екінші мақсат – бизнес үшін цифрлық өзгерістерді қолдану. Үшінші – цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі өзін Қазақстанның барлық мемлекеттік органдары мен әкімдіктерін цифрландыру бөлігінде негізгі «драйвер» ретінде ұстануы.

Министр Мусин сондай-ақ бүгінгі күні цифрлық даму министрлігі атқарған оңтайлы жұмыстарды да ашып айтты. Оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін қолжетімді ету бар. Яғни онлайн форматтағы Е-Gov платформасы мен М-Gov мобильді қосымшасында 18 құжат цифрлық форматқа көшірілген. Одан бөлек, халықтың ХҚКО-ға жүгінбей-ақ 25 қызметі оңай алуы, яғни «проактивті» қызмет көрсету жүйесі. Бұл жүйеге мысал ретінде министр бала туған кезде анасына СМС хабарлама арқылы растау жүргізіліп, туу туралы куәлікті автоматты түрде рәсімдеу жүйесін келтірді. Бұрын бұл қызметті алу үшін ХҚКО-ға барып, өтініш беру қажет болатын.

Бағдат Мусин Қызылорда облысындағы кей мәселеге де тоқталды. Соның ішінде аймақтың байланыс және интернет жүйесімен қамтылуы. Оның сөзінше, Қызылордада 880 мың адам немесе халықтың 98,9 проценті сымды және сымсыз байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілген. Алайда жалпы саны 9,6 мың халқы бар 42 ауылдық елді мекенде байланыс жоқ. Жыл соңына дейін 4 ауыл салық жеңілдіктері шеңберінде 2022 жылға дейінгі кезеңде «Востоктелеком» ЖШС-мен қамтамасыз етілмек. 18 ауыл бойынша геостационарлық емес спутниктік жүйелер есебінен қамтамасыз ету мәселесі пысықталуда. Бұл туралы цифрлық даму министрі айтты.

Кездесу барысында министрге қала тұрғындары да көкейде жүрген сауалдарын қойды. Соның ішінде «Қазақтелеком» қызметін пайдалану, нақтырақ, қаланың кей аумағында «Қазақтелеком» қызметінің қолжетімсіздігі айтылды. Үйлерге акционерлік қоғамның қызметін қосу мүмкіндігі жоқ, тіпті «Сығанақ» шипажайында демалуға халықтың бармауының бірден-бір себебі – байланыс жүйесінің болмауы. Одан бөлек, ұялы байланыс операторларының тарифтік бағасының қымбаттығы айтылып, қазіргі байланыс операторларының жұмысын тиімді ету үшін басқа да телекоммуникацияларға нарыққа шығуына жағдай жасау туралы министрге ұсыныс айтылды.

– «Қазақтелеком» АҚ – екі мобильдік оператор кіретін, өзінің қызметтері де бар алып компания. Мен акционерлік қоғамнан бір мобильдік операторды жеке шығару туралы ұсынысымды Мемлекет басшысына да, премьер-министрге де бердім. Себебі бұл бәсекелестік органы қалыптастыруға септігін тигізеді. Ал қала ішінде желі тарту мәселесіне келер болсақ, қаланың белгілі аумағына интернетті тек «Қазақтелеком» тарта алады деген «миф». Бұл қызметпен басқа да компаниялар айналыса алады. Кез келген интернет провайдер құрғысы келген адам біздің министрлікке жүгініп, желі тартуына мүмкіндік бар. Алматы, Шымкент өңірінде басқа шағын операторлар көбейді. Міне, сол операторларды Қызылорда облысына тарту арқылы да мәселені шешу мүмкіндігі бар. Бұл ең алдымен халықты интернетпен қамтамасыз етеді, екіншіден, бәсекелестік болады.

Шынын айту керек, біздегі мобильді интернет жүйесі сапалы деуге келмейді. Ал тариф жоспарларының аздығы жағынан біз әлем бойынша алдыңғы қатарда, үшінші-төртінші орында тұрмыз. Сол себептен де тарифтердің санын көбейту керек. Өйткені аз тариф арқылы сапалы интернетпен қамтамасыз ету мүмкін емес, – деп жауап берді министр Бағдат Мусин.

Кездесу барысында сондай-ақ қала тұрғындары «Смарт қала», 112 бірінші байланыс жүйесіне қатысты толған-дырған сауалдарын қойды. Министр бұл бастамаларды толыққанды зерттеп, аймақ басшысымен кездесуде әкімдік деңгейде шешілетін мәселелерді жеткізетінін айтты.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

9 тамыз
сейсенбі

№63 (1867)

2022 жыл

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫН ӘРБІР ТҰРҒЫН СЕЗІНУІ ТИІС

Мемлекет басшысы берген тапсырманың бірі – жаңа жұмыс орындарын ашу, халықты тұрақты жұмыспен қамту. Сол себепті де тұрғындарды жұмыспен қамту күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналған. Яғни халықтың тұрмыс сапасын жақсарту негізгі міндет болып табылады. Осы мақсатта «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» жүйелі түрде жүзеге асуда. Себебі тұрғындардың әлеуеті жақсармай, жұмыссыздар саны азаймай, еліміздің алға қарай қарыштап дами алмайтыны, экономикамыздың көтерілмейтіні белгілі. Жоба аясында жұмыссыздарға жұмыс табуға мүмкіндік жасалып келеді. Осы жылы жобаға қатысушыларға қысқа мерзімді кәсіптік оқуға облыстық бюджеттен 760 адамға қаражат бөлінген. Бүгінгі күнге кәсіптік оқыту курстарына 75 адамға жолдама берілген. Оның ішінде 40 пішіші, 22 тігінші, 13 электро-монтаждаушы мамандықтары бойынша оқуға жолданған.

– Жастарды тұрақты жұмыспен қамту – қаламызда жүзеге асып жатқан маңызды міндеттің бірі. Мемлекет осы бағытты назарға алып, тиісті бағдарламалар ұсынды. Соның нәтижесін жұмыссыз жастар көруде. Бағдарламаның оң нәтижесі көп. Жастар жұмысқа орналасты, – дейді қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Жаксылық Төлегенов.

Қаламызда осы жоба бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Соның негізгі бағыттарына тоқталып өтсек.

Мәселен, «Жаңа бизнес – идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру» бағыты бойынша осы



жылға республикалық бюджеттен 556853 мың теңге, ұлттық қордан 478555 мың теңге қаражат 814 адамға грант беру жоспарлануда. Осы уақытқа дейін гранттар өз кәсібін ашқысы келетін және кәсіпкерлік негіздері курстарын бітірген барлық жұмыссыздарға берілген болатын. Биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастарға, атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасы мүшелеріне, көпбалалы отбасыларға, қандас-тарға, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға және мүгедектігі

бар тұлғаларға беріледі. Бүгінгі күнге 9 азамат мемлекеттік грант алды.

Ал «қоғамдық жұмыс орындарына» республикалық бюджеттен 182116 мың теңге – 253 адамға, жергілікті бюджеттен 546912 мың теңге 760 адамға, ұлттық қордан 1112295 мың теңге 1472 адамға – барлығы 2485 адамға қаражат бөлінді. Жыл басынан бері 451 мекемемен келісім шарт жасалып, 2369 адамға жолдама беріліп, жұмыстарын атқаруда. Мерзімінен бұрын 182 адам жұмысын аяқтады. Оның 72-і тұрақты жұмысқа орналасқан.

2 бетте

■ ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА



Қазіргі таңда қала көлемінде құрылыс жұмыстары жүйелі жүргізілуде. «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және сатып алу» бюджеттік бағдарламасы аясында Қызылорда қаласы «СПМК-70» мөлтек ауданындағы №2 тұрғын кварталында биыл елу пәтерлі он тұрғын үйді салып бітіру жоспарлануда. Сондай-ақ «Бәйтерек» мөлтек ауданында да үйлер салынуда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Өткен жұма күні «СПМК-70» шағын ауданындағы жаңадан салынып жатқан тұрғын үй кешеніне бардық. Мұнда ипотекалық тұрғын үйлер бой көтеруде. Ашығын айтқанда, 50 пәтерлік 10 үй салынуда. Ал құрылыс саласына «Авангард ПГС» ЖШС, «АбуСер» ЖШС, «Промстройсервис» ЖШС, «SCS ИНЖИНИРИНГ» ЖШС сынды мердігер мекемелер жауапты. Тұрғын үйдің салыну сапасын бақылайтын техникалық қадағалаушы «Асем құрылыс» ЖШС болып танылған. Біз осылардың арасынан «Промстройсервис» ЖШС салып жатқан үйдің біріне аялдадық.

2 бетте

COVID-19: БАЛАЛАРДЫ БАЙҚАЙЫҚ

Аймақта коронавирус инфекциясының таралу дерегі бойынша соңғы тәулікте 25 жағдай тіркелді. Оның 19-ы вирус симптомымен, 6-уы симптомсыз анықталған.



Вирус жұқтыру дерегі бойынша қалада – 20 адам, Арал ауданы – 1, Шиелі – 2, Сырдария – 1 адам тіркелген.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, инфекцияның таралуының алдын алуда 500 мыңнан астам қызылордалық вакцинанан І және ІІ компонентін салдырса, 227 мыңнан астам тұрғын ревакцинациядан өткен.

Соңғы тәулікте вирусты жұқтыру дерегі азайған. Десе де бейқам жүруге де болмайды. Мамандар вакцинация мен ревакцинация жасатуда дұрыс таңдау жасау керегін айтады. Сондай-ақ балаларды абайлау керегін ескертеді. Соңғы көрсеткіштің 13 жағдайы балалар арасында болып отыр.

Қазіргі уақытта облыс орталығының қай түкпірінен де қызу жүріп жатқан құрылыс жұмысын байқап жүрміз. Құрылыс қарқынды дамудың көрсеткіші екені анық. Іске асуы тиіс жобалар мен аяқталған жұмыстар барысымен танысу мақсатында қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуарды әңгімеге тартқан едік.



САПА БІРІНШІ ОРЫНДА ТҰРУЫ КЕРЕК

– Айдын Серікұлы, қызметке жақында келдіңіз. Жауапкершілік жүгі ауыр саланың қандай қиындықтары бар?

– Қандай сала болса да, өзінің ауыртыпшылықтары болады. Сондықтан қаланың өсіп-өніп, көркеюі үшін жауапкершілікпен жұмыс істеу – біздің міндетіміз. Әрине, құрылыс саласында ең алдымен сапа содан соң оның сәулеті талап етіледі. Қаланың көріне көрік қосып, құрылыстардың қауіпсіздігін сақтау – басты мақсатымыз. Қазіргі уақытта құрылыс нысандарын салудың заманауи тәсілдері қолданысқа еніп, жүргізілетін жұмыс жүйесі күрделеніп, талап бұрынғыдан да күшейе түсуде.

– Құрылыс бөлімінің қазаны қайнап, қызу тірлік жүріп жатады. Жарты жылда атқарылған жұмысқа тоқталып өтсеңіз...

– Осы жылы құрылыс жобаларын салуға 12014 млн теңге бөлінді. Оның ішінде /РБ-6 983,3 млн теңге, жергілікті бюджеттен 5030,7 млн теңге/ қаржы бөлініп: тұрғын үй құрылысына 3267,5 млн теңге, инженерлік жүйелер жүргізуге 3543,3 млн теңге, сумен жабдықтауға 2190,4 млн теңге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауыл-төбе, Талсуат ауылдарында 150 орынды клуб құрылыстарын салуға 574,2 млн теңге, газ жүйесін жүргізуге 2438,6 млн теңгеге тиісті жұмыстар бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес атқарылууда.

– Біткен іске сыншы көп болатыны анық. Құрылыстың сапасына ел алдында сіздер жауаптысыздар. Бақылау жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Жасыратыны жоқ, құрылысқа мемлекет тарапынан қаржы мол бөлінеді. Әрбір құрылыс жұмысының сапалы жүргізілуіне қатаң қадағалау мен байыпты бақылау жасау үлкен жауапкершілік.

Қандай да бір жұмыс жүргізу үшін алдымен тиісті инстанциядан қаржы бөледі сұраймыз. Қаржы бөлінген жағдайда, жеңімпаз мекеме анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу конкурсын жүргізеді. Тиісінше мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы техникалық және авторлық қадағалаушы мекемелерді анықтайды. Әрі қарай техникалық қадағалаушы мекеме құрылыстың уақытылы әрі сапалы салынуын, ал авторлық қадағалаушы құрылыстың жобаға сәйкес атқарылуын қадағалайды. Олардан бөлек бөлім тарапынан ішкі бұйрық негізінде кураторлар бекітіліп, қосымша бақылау жасап отырады.

Құрылыстың адамзат тұрмысында маңызы зор. Сондықтан адам игілігі үшін салынған әрбір құрылыс нысанының ең алдымен қауіпсіздігі қаперге алынады. Мәселен, ғимараттар бой көтеретін кезде оның жайылығи, жылдың төрт мезгіліне сай температурасының сақталуы да ескеріледі. Құрылыстың «мінін» жасыру – біздің өзімізге деген қастандығымыз. Өйт-

кені құрылыс жұмыстары кезінде қабырғаға қысық қаланған бір кірпіштің өзі адам өмірі үшін аса қауіпті. Қалай дегенде де сапа бірінші орында тұруы керек.

– Соңғы уақытта мүгедек азаматтардың мәселесі жңі айтылып жүр. Олардың еркін қозғалуы үшін инфрақұрылым нысандарын бақылау тапсырылды. Біздің қаладағы ахуал қалай?

– Әрине, алға жылжу бар. Қала аумағындағы әлеуметтік, кәсіпкерлік нысандарға мүгедектерге ыңғайлы жағдай жасау талап етіледі. Қазіргі таңда барлық жоба-сметалық құжаттама дайындар алдында бөлім тарапынан жобалауға тапсырма беріледі. Яғни ол жерде нақты пандустарды орнату деген сияқты тапсырмалар беріліп, сол бойынша жобалаушы мекеме жұмыс жасайды.

– Инженерлік инфрақұрылымды дамыту мақсатында қандай жұмыстар бастау алды?

– Биылға «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында 3543,3 млн теңге бөлініп, бұл қаржыға «Әл-Фараби ауданына су құбыры желілері және 16,5 шақырым ауыз су құбыры жүргізілетін болады. «Қызылорда қаласы Талдыарал елді мекеніне электр желісі құрылысы» жобасына барлығы 43,3 млн теңге бөлініп, 7,5 шақырым электр желісі тартылады.

Сонымен қатар республикалық бюджеттен 1260 ,3 млн теңге қаржы бөлініп, 128,7 шақырым электр желісін жүргізу жоспарланған. «СПМК 70/2 тұрғын кварталын абаттандыру және телефон желілері» жобасына 462,2 млн теңге қаржы бөлінген. Бөлінген қаржыға аталған тұрғын кварталдағы 12 тұрғын үйдің абаттандыру және телефон желісімен қамтамасыз ету жұмыстары қарастырылған.

Ал «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында 2 190,4 млн теңге қаржы бөлініп 7 жоба іске асырылууда. Атап айтсақ, қаладағы ағын суларды тазартатын биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру; Қыдыров көшесі, Сахи Романов көшесі бойында №12 КНС-тен Шымбай-Сахи Романов көшелерінің қиылысындағы ауыстыру камерасына дейін қысымдық кәрізді реконструкциялау; Шанхай, Оңтүстік аудандардағы және Тәжібаев көшесінің, Бостандық көшесінің бойындағы су құбыры және кәріз желілерін реконструкциялау; Мұратбаев атындағы орталық стадион, «Евразия» спорткомплексі, «Сейхун» институтының су құбыры желісін қайта жаңғырту; Желтоқсан көшесі бойындағы кәріз құдығынан Қорқыт ата мен Әбілқайыр көшесі аралығындағы 37-кәріз құдығына дейінгі өздігінен ағатын кәріз жүйесін қайта жаңғырту; Бейбітшілік көшесі, №26 кәріздік сорғы станциясын реконструкциялау және жаңғырту; Байтұрсынов көшесі мен Қорқыт ата көшесінің қиылысындағы №45 кәріздік сорғы станцияларын реконструкциялау және жаңғырту;

Наурыз және Махамбет ауылдық округтерін табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынды.

– Алдағы уақытта пайдалануға беріледі деп жоспарланған құрылыстар жөнінде айтып өтсеңіз...

– «Тұрғын үй құрылысын салу» бағдарламасы аясында барлығы 3267,5 млн теңге қаржы бөлініп, өткен жылы басталған СПМК-70/4 мөлтек ауданында 40 пәтерлі №1, №3 (үйлер, жыл соңына қарай СПМК-70/2 тұрғын кварталында 50 пәтерлік он ипотекалық тұрғын үйлер құрылысы пайдалануға беріледі. Одан бөлек, Сырлария өзенінің сол жағалауы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлік №34 тұрғын үй құрылысы аяқталса, кезекте тұрған отбасылар жаңа үйге кезегімен қоныстанады. Жыл соңына дейін 42004,5 шаршы метрді құрайтын 580 пәтер беріледі деген жоспар бар.

– Облыс орталығынан салынатын құрылыстар тек әлеуметтік қызмет көрсету жағынан ғана маңызды емес, олардың орналасқан жерінің көріне көрік қосып тұратындай эстетикалық үйлесімі де ескерілетін шығар? Шаһарда бой көтеретін ғимараттарға қандай талап қойылады?

– Өте орынды сұрақ! Әрине, эстетикалық үйлесімділігі де ескеріледі. Жоба-сметалық құжаттама дайындап жатқанда, эскиздік жоба «сәулет және қала құрылысы» мекемесімен келісім алынып жасалады, одан әрі әкім немесе әкім орынбасарларымен ақылдаса отырып жасалатын дүние. Бірақ эстетикалық үйлесімділіктен бөлек, қаржысына да көңіл бөлінеді. Білесіз, қазіргі таңда құрылыс материалдары күннен күнге бағасы өсіп бара жатыр. Біз егерде сыртқы келбетке қатты көңіл бөліп, қымбат материалдардан салатын болсақ, тиісінше үйдің бағасыда қымбаттай түсіп, сатып алушы қала тұрғындарының қалтасына ауыр тиеді. Сондықтан жобалау кезінде қала тұрғындарының жағдайлары да ескеріледі.

– Саланы дамытуда алға қойған қандай жоспарларыңыз бар?

– Жоспар өте көп, ең алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы жолдауын басшылыққа алып, «Жаңа Қазақстан» саясатын ұстанып жұмыс жасау. Жыл соңына дейін СПМК 70/2 тұрғын кварталында 12 тұрғын үйді табыстау. Одан бөлек қала әкімінің тапсырмасына сәйкес қала ішінде, қала төңірегіндегі ауыл-аймақ, елді-мекен, саяжайлардағы инженерлік инфрақұрылым тартылмай қалған көшелерді су, жарық, газбен қамтамасыз ету мақсатында жобаларын дайындап, халық игілігіне пайдалануға берсек деген жоспар.

– Әңгіменізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Әрбір жаңа оқу жылы – оқушылар үшін үлкен мереке. Олар осы күнді асыға күтіп, мектеп табалдырығына жақсы көңіл-күймен қадам басады. Сондықтан бүлдіршіндерді өз қажеттіліктерімен қамтамасыз етуге үлесімізді қосуға тиіспіз. Жаңа оқу жылына дайындық қалай? Бұл сұраққа өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов жауап берді.



ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Қазіргі уақытта жаңа оқу жылына дайындық өз деңгейінде жүргізілуде. Аймақ бойынша бірінші сыныпқа құжат қабылдау аяқталған. Жаңа оқу жылында аймақта 17898 бала мектеп табалдырығын аттайды деп күтілуде. Оқу жылы дәстүрлі форматта басталады. Дегенмен аймақтағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты бірқатар шектеулер қойылуы мүмкін.

– Мектепке құжат қабылдау электронды түрде және қағаз түрінде 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өткізілді. Осы уақыт аралығында ата-аналардан 17371 өтініш түсіп, оның барлығы өңделді. Жаңа оқу жылына қабылданатын оқушылардың 89,7 пайызы қазақ тілінде оқуды таңдады. Бұл көрсеткіш бойынша біздің облысымыз республикада көш бастап тұр, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылатыны белгілі. Акция шенберінде мыңдаған баланың мектепке баруына көмек беріліп, олар қуанышқа бөленеді. Аймақта бұл акция 30 қыркүйекке дейін жалғаспақ. Өңірімізде осал топқа жататын 31 мыңнан астам бала болса, оның 13 мыңнан астамы атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасына жатады.

– Биыл акция «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» тақырыбымен өткізіледі. Қазіргі таңда қайырымдылық акциясын өткізудің өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілді. Осыған сәйкес міндетті оқу қоры есебінен көмек алатын оқушылардың тізімі жинақталуда. Аймағымыздағы ірі өндірістік компанияларға, шағын және орта бизнес ұйымдарына осы акцияға қатысу туралы өтініш жолданды. Бүлдіршіндерді өз қажеттіліктерімен қамтамасыз етуге үлес қосқысы келетін кәсіпкерлер баршылық, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Қазіргі уақытта ата-аналарды мектеп формасы алаңдатып отырғаны белгілі. Ата-аналар мен заңды өкілдер мектеп формасы туралы мәселелерді талқылауға қатысып, өз ұсыныстарын айта алады. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім мектеп жанындағы қамқоршылық кеңеспен келісу арқылы мекеме басшысымен бекітіледі. Айта кеткен жөн, арнайы форманы сатып алу міндеттелмейді.

А.АЙТЖАНОВА



МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫН ӘРБІР ТҰРҒЫН СЕЗІНУІ ТИІС

«Әлеуметтік жұмыс орындарын» ұйымдастыру негізінде республикалық бюджеттен 180 адамға 91800 мың теңге, жергілікті бюджеттен 23 адамға 3450 мың теңге қаражат қарастырылған. Жыл басынан бері 59 мекемемен келісім шарт жасалып, 160 адам жұмысқа жолданды. Мерзімінен бұрын 34 адам жұмыстан шығып, 32-і тұрақты жұмысқа орналасты.

«Күміс жас жобасы» аясында ұлттық қордан 64654 мың теңге 57 зейнеталды жастағы адамдарға қаражат бөлінді. Жыл басынан бері 10 мекемемен келісім шарт жасалып, бүгінгі күнге 13 азамат жолданды.

«Жастар практикасын ұйымдастыру» бойынша 2022 жылға 849 жас маманға 390073 мың теңге, Ұлттық қордан 491944 мың теңге бөлінді. Жыл басынан бастап 251 (жеке секторлар 169) мекемемен келісім шарт жасалып 521 адамға жолдама берілді. Мерзімінен бұрын 28 адам жұмыстан шығып, 19-ы тұрақты жұмысқа орналасты.

«Алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналастыру» бойынша 40 жас маманға 29405 мың теңге, ұлттық қордан 40 жас маманға 45371 мың теңге бөлінді. Жыл басынан бастап 16 мекемемен келісім шарт жасалып 23 адамға жолдама берілді.

«Ұрпақтар сабақтастығына» 1836 мың теңге 5 адамға қаражат бөлінді. Жыл басынан бастап 2 мекемемен келісім шарт жасалып, бүгінгі күнге 5 азаматқа жолдама берілген.

Алдағы уақытта межелеген жоспардың толығымен орындалуына жұмыс жасалатын болады. Сондықтан қазіргі кезде жұмыссыз жан есебінде тұрсаңыз, осы мүмкіндікті пайдалануға әбден болады. Қандай жұмыс болса да, еңбек етіп, нан тапқанға не жетсін. «Екі қолға бір күрек» таппай жүргендер жұмысқа орналасса, кәсіпкерлікті оқып, кәсібін бастаса, мемлекет тарапынан беріліп отырған мүмкіндіктерді пайдаланып қалса тұрғындарға ең қажеті де осы болмақ. Қалай болғанда да мемлекет қолдауын әрбір тұрғын сезінуі тиіс.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Бір мезет қолымыздағы қалам, қағазымызды қалаққа ауыстырдық. Басымызға каска киіп, ісімізді бастадық. Кәнігі құрылысшылардай іске екпінмен кіріскенімізмен оған әжептәуір ебің болу керегін аңғардық. Кірпішті көзбен өлшеп салған суреттей мінсіз қалыпта қалап шығу нағыз маманның ғана қолынан келетін еңбек.

Дегенмен біз де қолымыздан келгенше шамамызға қарай шашауын шығармай іс бітіруге тырыстық. Өрілетін кесектің арасындағы балшықтың қатты сұйық немесе қатты қою болмауы оның байланысын нықтап ұстап тұруына әсері зор. Ауылда кесек құйып, сарай өріп өскен біз үшін аса таңсық болмағанымен мұндағы істің барысы мүлдем бөлек. Салынған үйдің сәулетті болуы аса маңызды. Сондай-ақ сапалы орындалуы да басты талап екенін ұмытпаған абзал. Мұндай сәулетті үйлер соңғы кездері Сыр өңірінде көптеп салынууда. Сырдарияның сол жағалауындағы құрылыс сөзімізге дәлел.

Басы 1-бетте



– Қазіргі таңда қала көлемінде құрылыс жұмыстары жүйелі жүргізілуде. «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және сатып алу» бюджеттік бағдарламасы аясында Қызылорда қаласы «СПМК-70» мөлтек ауданының №92 тұрғын кварталында биыл елу пәтерлі он тұрғын үйді салып бітіру жоспарлануда. Сондай-ақ

КІРПІШ ҚАЛАУҒА ДА САУАТ КЕРЕК

«Бәйтерек» мөлтек ауданында да үйлер салынууда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек, – дейді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Серікұлы.



P.S. Сонымен «СПМК-70» мөлтек ауданындағы сапарымызды аяқтап жұмысқа қарай бет алдық. Осылайша бір күндік жұмыс бізге мың күндік тәжірибе берді. Үй салудың салмағын сезінген бізде құрылысшыларға деген ішкі құрметіміз арта түсті. Өйткені өңірімізде салынған әрбір нысанда бұл кісілердің қайталанбас қолтаңбасы жатыр. Ол болашаққа жасалған жарқын жол іспетті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

2014 жылы бастау алған «Мереілі отбасы» ұлттық байқауының негізгі мақсаты – еліміздегі өсіп-өнген әулеттерді кеңінен насихаттап, жастарға үлгі ету. Осы байқаудың қалалық кезеңінде



Таңырақбаевтар отбасы II орынға ие болды. Отбасы тірегі атанған Жүзбай Таңырақбаев зайыбы Сәнтай Есенбекқызымен жарты ғасырға жуық бір отаудың отына жылынып, тіршілік етіп келеді.

ШАТТЫҚҚА КЕНЕЛГЕН ШАҢҒЫРАҚ



Бес баланың ата-анасы атанған бұл кісілер бүгінде 15 немере, 6 шөберенің қызығын көріп отыр отырған өнегелі өмір иелері. Отағасы Жүзбай Ибрагимұлы 1950 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Орта мектептен соң Қызылорда политехникумында, Алматы ауыл шаруашылығы институтында білім алған. Одан кейінгі жылдары түрлі деңгейде қызметтер атқарды. Ол жұмыстың қай сатысында жүрсе де білім парасатымен танылды. Қазіргі таңда «Кәсіпкер келбеті», «Кәсіпкер және мәдениет» газет-журналының құрылтайшысы.

«Балалық шағым, балдәуренім», «Сыр саңлақтары», «Елімнің күн сәулесіндей – Астана!», «Женіске жеткен жауынгерлер», «Сұлушап», «Жайсаң жандар», «Тағдырлар тоғысы» секілді бірнеше кітаптың авторы. «Ел ардақтысы» медалімен, «Бейбітшілік Әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Алтын қыран» медалімен, басқа да мерекелік медальдармен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Бұл мадақтамалар Жүзбай Таңырақбаевтың жетістіктерінің бір бөлшегі ғана.

Отанасы Сәнтай Есенбекқызы 1951 жылы Шиелі ауданындағы қазіргі Мұстафа Шоқай ауылында дүниеге келген. Орта мектепті ойдағыдай аяқтап тігін цехына оқуға қабылданады. Кейіннен еңбек жолын осы мамандығына сай жалғастырып, киім тігіп-пішудің нағыз маманы болады. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған ардақты ана.

– Отбасы үлкен сезім мен сенімнің символы іспетті. Әрбір бала өмірге өз несібесімен келеді. Біз балаларға жастайынан өнеге айтып өсірілдік. Қыздарымызды үй шаруасына бейімдедік. Қолынан іс келетін, елдің қажетіне жарайтын тұлға етіп тәрбиелеу тікелей ата-анаға байланысты. Балаларымыз бір-бірлеріне бауырмал болып өсті. Шамаларына қарай білім алды. Ендігі жерде қызық қуаныштарын көрсек деп жүрміз. Ата-ана үшін бұдан артық бақыт жоқ деп есептеймін, – дейді Жүзбай Таңырақбаев бізбен әңгімесінде.

Балаларының тұңғышы Жұлдызай Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. «Ана көрген тон пішер» демекші ол ана жолын жалғастырып, ісмерлікті қолға алды. Бүгінде өз еңбегімен үлкен цех ашып, адамдарды жұмыспен қамтып отыр. Осы қалада цех директоры болып қызмет атқарады. Екінші қыздары Бақыткүл «Кәсіпкер келбеті» журналында журналист болып жұмыс істейді. Өке қасиетін бойына сіңірген Бақыткүл шығармашылық жолға ден қойған. Органыш қызы Зәуре бухгалтер. Нұрбану есімді төртінші қыз да Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Ол – тазалық пен тәртіп, сақтық пен жауапкершілік қатар қалыптасқан әскери сала қызметкері. Кенжелері Бауыржан әке жолын жалғастырып, шығармашылықпен айналысқысы келеді. Отбасының барлық ісін өзі қолға алып, әкеге қолғанат, анаға қамқоршы болып жүр. Келіншегі Жәмила «Талсуат» емдеу сауықтыру мекемесінде еңбек етеді.

Көпшілікке өнегелі болған жарасымды жұп отбасы мерейінің қыр-сыры сыйластықта екенін айтады.

– Ағайынға қадірлі, елге елеулі адам атану отбасыдан алған тәрбиенмен өлшенеді. Толыққанды отбасы қоғамның басты байлығы. Отбасында әке айбары, ана мейірімі болу керек. Бала тәрбиесі өте нәзік тақырып. Онымен сырлас болуың керек. «Бала жазылмаған ақ парақ секілді, не жазсан соны оқисың» деген ұлы ғалым әл-Фарабидің сөзі бар. Қазір жастар арасында ажырасу белең алып алып барады. Соған жүрегім ауырады. Анамын ғой, айналайын. Естерінде болсын баланы көп жағдайда тоқшылық бұзады. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» деген Абай айтқан сөз бар. Жанадан отау құрған жастар жауапкершілікті сезінсе деймін. Отбасы болғасын келіспеушілік кездесіп тұрады. Оны ақылға салып сабырмен шешу керек. Біз осыны бағдар еттік. Отбасымыздың бірлігін үлгі етіп жатқан жас отбасы болса, кешегі байқаудағы біздің жетістігіміз сол болады, – дейді Сәнтай Есенбекқызы.

Тұрар ШАЙДУЛЛАУЛЫ

«Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»

Ахмет Байтұрсынов

Ана тілі – әрбір ұлттың, ұрпақтың бет-бейнесі, тарихы мен танымы. Сол арқылы өсіп-өнген ұрпақ атамекеннің өткені мен бүгінгі біліп жетіледі. Бұл – қастерлі тіліміздің қасиеті. Тіл – бастау тарихын тереңнен алып жатқан ұлы мұрамыз. Термин мәселесі де тіл әлеміндегі тоқсан толғаулы тақырыптың бірі. Қазір таза тіл жоқ. Мұны қоғам көзқарасымен қарасақ ондай таза тілдің болуы да мүмкін емес. Жедел жүріп жатқан жаһандану үдерісінде тілдер де бір-бірімен жақындай түсіп, ұлттар мен ұлыстардың өзара онтайлана түскенін аңғаруға болады. Бұл жолда термин сөздердің ықпалы ерекше.



Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Тілге құрмет – елге құрмет. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры һәм тұмары әрі тамыры. Бұл ретте мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым екенін айта кету керек.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ РУХЫ

Ана тіліміздегі сөздерді тәржімалау тілді шұбарландырып қана қоймай, оны түсініксіз халге жеткізіп, дұбара ұғымға әкеп соқтыратыны анық. Мәселен, ауызекі тұрмыстық қолданыстағы сөздерді алып қарасақ «отырық», кетіп баратырық», «жүрген» деген секілді сөздерді көп естиміз. Сондай-ақ «Пианино» деген халықаралық терминді «Күй-сандық» деп атап жүрміз. Ешқандай жанаспайды. Сандық пен күйдің арасында пианиноны қосау бола ма? Және композиторлық әлемде «Композитор» дейді. Біз «Сазгер» деп атаймыз. «Сазгер» деген басқа мағынаны береді. Міне осылайша қазақ тілі яғни ана тіліміз бұзылып, түпкі мағынасы ауысып бара жатыр.

Тіл туады, түлейді, түрленеді. Бұл табиғи құбылыс. Әр халықтың тілі өзініше әсем, өзінше әуезді әрі әсерлі. Оны «Ұлы тіл, кіші тіл» деп әспеттеуге әсте болмайды. Жарты әлемді жаулап алған Шыңғысхан қол астындағы халықтардың арнамысына тимей барлығына да әділетті көзқараспен қараған екен. Ол былай деп жарлық етіпті: «Әр ұлт өз тілінде сөйлей берсін. Сонда екеудің бірі түрік өкілі біздің орысша ұрсып жатқан қазақ анасына «Сен әуелі өз ана тілінде сөйлеп ал. Содан кейін барып өзгеге ақыл айтарсың» дегені бар. Бұдан түйетін тұжырым өмірге сәби әкелетін аналарымыз өз ана тілін құрметтесеміз одан туған балаға қайтіп ақыл айтамыз. Балабақшада берілген тәрбиеде не маңыз бар? Ол отбасында айтылған өнегеге жетпейді. Осын-дайда «Отан отбасынан басталады» деп тегін айтылмаса керек-ті. Біз кейде үкімет қазақша сөйлемейді деп әсірелеп айтқанда алдымызға жан салмаймыз. Ұлтқа деген ұлы сезім алдымен отбасымызда болуы ләзім.

Қазақ тілінің қалыптасуы қазақ тарихымен тығыз байланысты. Мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс деп ұрандатқаны аға ұрпақтың жадында. Кешегі кеңестік кезеңде қазақ тілінің мүшкіл хал кешкендігі жасырын емес. Ол ненің әсері еді. Біз «Одақтас республика» құрамында дербес саясат жүргізуге еш құқығымыз жоқ болатын. Тілді саясаттандыру мүлдем қате көзқарас. Тілдердің бір-біріне әсері ерекше зор. Әсіресе аралас-деген басқа мағынаны береді. Міне осылайша қазақ тілі яғни ана тіліміз бұзылып, түпкі мағынасы ауысып бара жатыр.

Тіл туады, түлейді, түрленеді. Бұл табиғи құбылыс. Әр халықтың тілі өзініше әсем, өзінше әуезді әрі әсерлі. Оны «Ұлы тіл, кіші тіл» деп әспеттеуге әсте болмайды. Жарты әлемді жаулап алған Шыңғысхан қол астындағы халықтардың арнамысына тимей барлығына да әділетті көзқараспен қараған екен. Ол былай деп жарлық етіпті: «Әр ұлт өз тілінде сөйлей берсін. Сонда екеудің бірі түрік өкілі біздің орысша ұрсып жатқан қазақ анасына «Сен әуелі өз ана тілінде сөйлеп ал. Содан кейін барып өзгеге ақыл айтарсың» дегені бар. Бұдан түйетін тұжырым өмірге сәби әкелетін аналарымыз өз ана тілін құрметтесеміз одан туған балаға қайтіп ақыл айтамыз. Балабақшада берілген тәрбиеде не маңыз бар? Ол отбасында айтылған өнегеге жетпейді. Осын-дайда «Отан отбасынан басталады» деп тегін айтылмаса керек-ті. Біз кейде үкімет қазақша сөйлемейді деп әсірелеп айтқанда алдымызға жан салмаймыз. Ұлтқа деген ұлы сезім алдымен отбасымызда болуы ләзім.

